

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының Исатай аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытында жүргізілген ішкі талдау анықтамасы

21 қыркүйек 2023 жыл

Аққыстау селосы

**Талдау жүргізуге негіз:** Исатай аудандық ауруханасының (бұдан әрі текст бойынша – Кәсіпорын) 2022 жылғы 30 қарашадағы №314 бұйрығы негізінде арнайы жұмыс тобы құрылды.

**Талдаудың мақсаты мен міндеті:** Кәсіпорын қызметінің бағыты бойынша қолданылатын нормативтік-құқықтық актілердегі және мемлекеттік қызмет көрсету бағытында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**Талдау мерзімі:** 25.08.2023 – 21.09.2022 кезең аралығы.

**Талдау жүргізу уақыты:** 2023 жылдың 25 тамызынан – 21 қыркүйек аралығы.

Жұмыс тобының құрамы:

1. Измайлова Нургул Кабуловна (директордың емхана ісі жөніндегі орынбасары – жұмыс тобы төрайымы).
2. Абежанов Жеңісбек Кадирбекович (директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары)
3. Гапурова Эльназ Болатбекқызы (заңгер, комплаенс офицері)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығында көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізілді.

Жұмыс тобы екі бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді:

1. Мемлекеттік сатып алу жоспарын орындауда заңнамаға сәйкестігі;
2. Мүдделер қақтығысының алдын алу;

**Мекеменің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, облыс, аудан әкімдіктерінің қаулылары мен әкімдерінің шешімдеріне, өкімдеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге; Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414 V ҚРЗ, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI «ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодесі; «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы заңы және салалық Ұжымдық шартқа сәйкес жүзеге асырады.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мамандардың құқықтары мен міндеттері, атқаратын лауазымдық өкілеттіліктері бекітілген. Ұжымдық салалық шарт функциялары ҚР нормативтік құқықтық актілеріне және Конституцияға сәйкес келеді. Аталған қызметкерлердің қызмет өкілеттілігінен асатын, құқықтары мен бостандықтарын шектейтін нормалар жоқ, сондай-ақ қызметтеріне келтіретін нормалар анықталған жоқ.

2023 жыл 9 ай кезеңінде 752 бұйрық тіркелді. Тіркелген бұйрықтарда сыбайлас жемқорлықтың туындауына әсер ететін нормалар анықталмады.

**Ұсыныстар:**

ҚР жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Исатай аудандық ауруханасында қолданылатын Ұжымдық салалық шартқа тиісті деңгейді қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыру;

**Персоналды басқару қызметінің тиімділігі, мүдделер қақтығысын реттеу**

Исатай аудандық ауруханасының штаттық кестесі және құрылымдық бөлімшелері жыл сайын Байқау кеңесімен бекітіледі. Талдау жүргізу кезеңінде жалақы қорының жалпы саны 305 адам, оның ішінде 34 жоғары буын қызметкері (дәрігерлер), 180 орта буын қызметкерлері (мейірбикелер), 91 қосылқы қызметкерлер.

2023 жылға аудан бойынша 1 гинеколог, 1 рентгенолог, 1 фтизиатр, 1 педиатр, 11 эндокринолог, 1 акушер-гинеколог, 3 ЖТД дәрігеріне қажеттілік туындап отыр.

Қажеттілікті жою мақсатында электронды «Еңбек КЗ» порталы арқылы бос лауазымға сұраныс жарияланып, жоғары медициналық оқу орындарына арнайы сұраныс берілген.

Жұмыс режимі - ауысымдық және екі демалыс күні бар бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді.

Кәсіпорынның алқалы басқарушы органы ретінде Байқау кеңесі құрылған.

Басшылық лауазымдар; 1 директор, 4 аға дәрігер, 1 бас есепші, 2 директордың орынбасары оның ішінде; (1 директордың емхана ісі жөніндегі орынбасары, 1 директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары), басшылық лауазымдар арасында- жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірге қызмет істеуіне жол берілмеу талабы сақталған.

2023 жылдың тамыз-қыркүйек айлары аралығында 10 дәрігер, 4 акушер, 6 мейірбике, 4 кіші медициналық қызметкер, 1 жүргізуші жұмысқа қабылданған. Қабылданған қызметкерлермен келісім шарт жасақталған. 1 жалпы тәжірбиелі дәрігер өз еркімен жұмыстан кетті.

**Еңбек Кодексінің 30 бабының 1 тармағының 2 тармақшасы және 33,34,35,36 баптарының талаптары сақталған.**

**Ұсыныстар:**

Мамандар қызметке қабылданғанда лауазымдық нұсқаулықпен танысуын камтамасыз етуді қадағалау;

Enbek.kz порталына қызметкерлермен жасақталған еңбек шарттар, оларға енгізілетін өзгерістер, олардың тоқтатылуы туралы ақпаратты уақытылы енгізу;

Еңбек тәртібін бұзу немесе өзге бұзушылықтар анықталған жағдайда кінәлі тұлғалардың жауаптылығын қарастыру.

### **Мемлекеттік сатып алу қызметі**

2023 жылдың 9 айы кезеңінде 143 келісімшарт жасалды: баға ұсыныстарына сұраным тәсілімен 32342170.91 тг; өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу 36736602.01 тг ; тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден сатып алу 19019810.27 тг; электрондық дүкен 20498780.8 тг.

Мемлекеттік сатып алуда жүзеге асыруда ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V ҚР Заңының 4-бабының қағидаттары сақталды:сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмеді.

Осы заңның 6-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер талаптары сақталды.Конкурстық комиссия мүшелерінің туыстық қатынастары анықталған жоқ.Мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу қызметіне қатысты, Атырау облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотына 2 талап арыз берілді.

Мемлекеттік сатып алу қызметінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ,қызмет толыққанды электрондық жүйеге көшірілген.

#### ***Ұсыныстар:***

конкурстық комиссия мүшелерінің жауапкершілігін арттыру;сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмеуді қадағалау;

мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының талаптарына сәйкес жүргізу және бұзушылықтарға жол бермеу.

### **Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер**

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмысты ұйымдастыруда Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI «ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі басшылыққа алынады.Мекеменің құжатайналымы, «Е-Өтініш» Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы жүйелері арқылы жүзеге асырылады.

Е-Өтініш ақпараттық жүйесіндегі өтініштердің, «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар құжаттардың орындалу мерзімдерінің сақталуына және құзырлы органдарға есептілігін ұсынуға жауапты тұлғалар тағайындалды.

Өз өкілеттігі шеңберінде Бұлтты құжатайналымы, «Е-Өтініш»Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы жүйелерінде жеке және заңды тұлғалардың арыз-өтініштері мен өзге де жүгінулерін қарау және сапалы орындау үшін маман бекітілген.

2023 жылдың 9 ай кезеңінде «Е-Өтініш» Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы жүйелерінде 4 өтініш түсіп,мерзімінде орындалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты шағымдар түскен жоқ.Өтініштерді қабылдаудан бас тарту фактілері орын алған жоқ.Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзатын жағдайлар орын алмады.

**Ұсыныстар:**

Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмеу;  
Мемлекеттік қызметке жаңадан орналасқан мамандарға Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI «ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексіні түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2023 жылдың 9 айының көрсеткіші бойынша аудандық аурухананың медицина қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық бағытында ешқандай құқық бұзушылықтар орын алған жоқ.

**Ұсыныстар:**

- 1.ҚР жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Исатай аудандық ауруханасында қолданылатын Ұжымдық салалық шартқа тиісті деңгейді қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыру;
- 2.Конкурстық комиссия мүшелерінің жауапкершілігін арттыру;сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмеуді қадағалау;
- 3.Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының талаптарына сәйкес жүргізу және бұзушылықтарға жол бермеу;
4. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол берілмеу;
- 5.Мемлекеттік қызметке жаңадан орналасқан мамандарға Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI «ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексіні түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

Измайлова Нургул Кабуловна (директордың емхана ісі жөніндегі орынбасары – жұмыс тобы төрайымы) \_\_\_\_\_

Абежанов Жеңісбек Кадирбекович(директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары) \_\_\_\_\_

Ғапурова Эльназ Болатбекқызы ( зангер,комплаенс офицер) \_\_\_\_\_